



ЖАС Ұрпақ

№ 04 (94), 2023 ж. желтоқсан

ҚҰСАЙЫНОВ ОҚУЛАРЫ

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтында «Құсайынов оқулары» XXI ғасырдағы ғылым және білім: үрдістер мен перспективалар атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

2023 жылдың 8 желтоқсанында А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтында «Құсайынов оқулары» XXI ғасырдағы ғылым және білім: үрдістер мен перспективалар атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді.

Конференция жұмысы келесі ғылыми бағыттар бойынша өтті: XXI ғасырдың қазіргі гуманитарлық білім

жүйесіндегі педагогика және психология, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері, лингвистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері, шетел филологиясы және лингводидактика, құқық және қазіргі экономика: жаңа сынақтар мен даму перспективалары.

Конференция жұмысына Қазақстан, Түркия, Өзбекстан және Ресейден 150-ден астам



ғалым қатысты (Астана, Алматы, Қарағанды, Павлодар, Токат, Чанакалле, Ташкент, Москва, Тюмень және т.б.).

Конференцияның пленарлық мәжілісі А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының ректоры, психология ғылымдарының кандидаты, профессор А.Д. Исмаиловтың кіріспе сөзінен басталды. Пленарлық мәжілісте тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Самат Амангелдіұлы Есқалиев (Астана қ., Қазақстан), филология докторы (PhD) Cesur

Kürşat (Чанакалле қ., Түркия), тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Равиль Сидрағатұлы Мажитов (Астана қ., Қазақстан), тарих ғылымдарының докторы, профессор Demir Alpaslan (Токат, Түркия), филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қарлығаш Медетқызы Байтанасова (Астана қ., Қазақстан), экономика ғылымдарының кандидаты Әнуар Әкпар Құрметтіұлы Көрібаев (Астана қ., Қазақстан), филология ғылымдарының кандидаты, доцент Жанна Әлі-

биқызы Бейсембаева (Астана қ., Қазақстан), педагогика ғылымдарының докторы, профессор Бауржан Сапарұлы Сәрсекеев (Астана қ., Қазақстан) баяндамалары тыңдалды.

Конференция қорытындысы бойынша ұсыныстар қабылданып, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы шығарылды.

Мөлдір Аманғазықызы, Ғылым бөлімінің жетекшісі, PhD, доцент



СТУДЕНТТІК ӨМІР ШЕЖІРЕСІ

ҚАЗАН

8 қыркүйектен 3 қазанға дейін ШТ-20-01, ПД-20-01 топтарының студенттері – Future Learn платформасында «Digital Skills: Social Media (Accenture)», сондай-ақ «Digital Skills: Digital skills for work and life (Accenture)» онлайн тілдік курстардан өтті.

2 қазанда ШТ-22-01, ШТ-23-01, ИЯ-23-01 топтарының студенттері «Pearson English International Certificate Teacher Training Academy» онлайн семинарына қатысты.

4 қазанында «Сенім» ЕАГИ студенттерін психологиялық қолдау клубы «Жүрегіңді жаралаған сөздер» әлеуметтік экспериментін өткізді.

5 қазанда шетел тілдері кафедрасында «Academic Writing» пәні бойынша ИЯ-20-01 және ПД-20-01 топтарында Абант Иззет Байсал атындағы Болу университетінің профессоры Dr. Ali Gunes (Түркия) онлайн дәрісін жүргізді.

6 қазанда Еңбек күнін мерекелеу аясында кураторлар А.С. Абельдинов пен Г.А. Канафина «Еңбек бәрін жеңбек» ЮРТ-22-01, ЮРТ-21-01 топтарында кураторлық сағат өткізді.

6 қазанда институт психологы А.Б. Мусиев және «Сенім» атты студенттерді психологиялық қолдау клубының жетекшісі А. Маратова және клуб көшбасшысы Ә. Ерлан (ШТ-22-01 академиялық тобы) студенттерге «Достық торы» атты арнаулы тренинг өткізді. Тренингке БО-22-01, ШТ-23-04 топтарының студенттері қатысты.

Шетел тілдері кафедрасының студенттері А. Құнанбаева (4 курс, «Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасы) және М. Картаева (3 курс, «Аударма ісі» білім беру бағдарламасы) Сібір федералды университетінің базасында өткен Халықаралық жас аудармашылар байқауына қатысып, жүлделі орындарға ие болды (Красноярск қ., Ресей).

10 қазанда институтта «ЕАГИ – жақсылық аумағы» қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. Акцияны ЕАГИ Еріктілер орталығы мен студенттер Парламенті ұйымдастырды.

10 қазанда волонтерлік орталық Астана қаласы әкімдігінің «№3 қалалық емханасы» КМК-мен бірлесіп, балаларды қолдау орталығында қайырымдылық акциясын өткізді.

11 қазанда институтта студенттердің Алматы ауданы бойынша полиция басқармасының және Алматы ауданы прокуратурасының өкілдерімен студент жастар арасында құқық бұзушылықтың, интернет алаяқтықтың, буллингтің және нашарлықтың алдын алу тақырыбында кездесуі өтті.

жалғасы 2-бетте ▶

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА ТЕҢГЕМІЗГЕ 30 ЖЫЛ!



1993 жылдың 15 қарашасы еліміз үшін ұмытылмас күн. Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен бұл күні кеңестік рубль жойылып, оның орнына ұлттық валюта: қазақ теңгесі енгізілді. Бұл күн еліміздің қаржылық тәуелсіздік күні болып саналады.

Өз валютасының енгізілуі Қазақстан Республикасы Үкіметіне дербес экономикалық және ақша-несие саясатын жүргізуге мүмкіндік берді.

Ақша-несие саясатының негізгі мақсаты – ұлттық валютаның ішкі және сыртқы тұрақтылығына қол жеткізу. Президенттің 2011 жылғы 20 қарашадағы Жарлығымен мерекенің жаңа атауы – «Ұлттық валюта – теңге күні – Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсі-

би мерекесі» деп белгіленді.

2023 жылдың 15 қарашасында «Қаржы» білім беру бағдарламасының оқытушылар құрамы мен студенттері ұлттық валюта – теңгенің 30 жылдығына арналған іс-шара ұйымдастырды.

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Ірі салық төлеушілер департаментінің директоры, PhD докторы Елубай Іңкәр Бауыржанқызы және Астана қаласы Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі, ҚР Орталық филиалы директорының орынбасары PhD докторы Руслана Қуанышқызы Ишанова қатысты.

PhD докторы І.Б. Елубай, Қазақстан тәуелсіздігінің бүкіл кезеңінде салық заңнамасының жетістіктеріне шолу жасады.

Қаржы жүйесінің дамуының сапалы кезеңі Бюджет кодексінің және Салық кодексінің қабылдануы болды. Бұл заңдар қаржы-салық жүйесінің құрылысына, ұлттық валюта теңгенің қалыптасуына және нығаюына негіз болды.

Ұлттық банк өкілі Р.Қ. Ишанова естелік және тақырыптық монеталар коллекциясын көрсете отырып, ұлттық валютаның жасалу тарихына тоқталды.

Еліміздің жеке банкнот фабрикасы 1995 жылы ашылды. Бүгінгі таңда қазақ теңгесі әлемдегі ең қорғалатын валюталардың бірі болып табылады. Қазақстанда айналыс монеталарымен қатар нейзильбер қорытпасынан жасалған ескерткіш және ескерткіш монеталар шектеулі таралыммен соғылған.

30 жыл ішінде ұлттық валюта өзінің дизайнын бірнеше рет өзгертті. Ұлттық валюта ең түпнұсқа және қауіпсіз валюта үшін халықаралық жарыстарға бірнеше рет

қатысты. 10 000 теңге және 20 000 теңге номиналындағы қазақстандық банкнота жүлделі орындарға ие болды. 20 000 теңгелік банкнотаны әлем қауымдастығы ең озық түпнұсқа деп таныды.

Қазақстанда банкнот шығаратын фабриканың жұмысы туралы бейнеролик көрсетілді. Бұл фильм жиналғандар арасында үлкен қызығушылық тудырды, өйткені алғаш рет қазақстандық валютаны дайындау технологиясы және валюталық дизайнның дамуы көрсетілді.

Іс-шара барысында студенттерге теңгенің цифрлық валютасының болашағы туралы қызықты көзқарасын ұсынып, белсенділік танытты. Барлық топтар өз жобаларын қорғады, қазылар алқасы ең қызықты дизайн жобаларын сыйлықтармен марапаттады. Бірінші орынды 4 курс студенттері иеленді. Мерекенің қызықты да әсерлі өтті.

Б.Б. Мажитова, Ш.А. Омарова, ЭжМП кафедрасының доценттері

МЕН ЕЛІММЕН МАҚТАНАМЫН



Тәуелсіздік сөзі ең қастерлі ұғым. Ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы, қасық қандары қалғанша киелі, қасиетті жерімізді қорғап, болашақ ұрпақ ешкімге бағынышты болмау үшін, тәуелсіздікті мұра етіп қалдырды. Біз тарихымыз сонау сақ, ғұн, түркілерден бастау алған халықпыз. Сол кездің өзінде-ақ кең байтақ жерімізге көз тіккендер қаншама.

Өткен тарихқа көз салатын болсақ, Жоңғарларда біздің ұлғайыр жерімізді жаулап, қазақ халқын түп-тамырымен жойғысы келді. 70 жылдай Кеңес Одағының құрамында болған уақытта халқымыздың ана тілі, діні мен ділі әлсіреді, тарихы

бұрмаланды, руханияты кенжеледі. Қарапайым халық сол дәуірде аштықты, дүниежүзілік соғысты, репрессияна басынан өткерді. XX ғасырдың 20-30-шы жылдары «Қазақ» деп ұрандатқан, халқының жағдайын ойлаған тұлғаларды жазықсыз «халық жауы» деген айыппен қуғынға ұшыратты. Біз сан қилы қиындықтарды басынан өткерсе де, рухы сынбаған, қанаты қайырылмаған жігерлі, мықты халықпыз. 1991 жылдың 16 желтоқсанында барша қазақ еліне арман болған тұғыры биік Тәуелсіздікке қол жеткіздік. Желтоқсанның суық ызғарымен келген Тәуелсіздіктің біз үшін қашанда орны бөлек. Келер ұрпақтың тыныштығы үшін, елінің бейбітшілігі үшін қасық қаны қалғанша күрескен, ата-бабаларымыздың, аға-әпкелеріміздің есімдері де тарихтан мәңгі өшпесі анық.

Ананың жасымен, атаның қанымен келген Тәуелсіздікті біз әрқашан мақтан тұтып, қастерлей білуіміз керек. Бұл біздің азаматтық парызымыз, басты борышымыз.

Қазақ болып туғаным мақтанамын, Болашаққа ақ пейілмен аттанамын. Салт-дәстүрін қазақтың мәңгі бақи, Аманат қып келешекке сақта жаным.

Қазақ болып туғаным мақтанамын, Болашаққа ақ пейілмен аттанамын. Тәуелсіз Отанымды ойлағанда, Көңілім бір марқайып шаттанамын.

Самал Хасен, ЮҚ-23-01 тобының студенті

Ж. АЙМАУЫТОВ – СӨЗ ЗЕРГЕРІ



Жақында т.ғ.к., доцент Қ.Ш. Аубакированың жетекшілігімен «Тұран» үйірмесінің мүшелері қазақтың көрнекті жазушысы, қоғам қайраткері Ж. Аймауытовтың өмірі және шығармашылығына арналған тарихи-әдеби танымдық кеш өткізілді.

Кеште жазушы өмірінің қиын да қатпарлы кезеңдері сөз болып, артында қалған мол мұраларының сол заманның мұң-мұқтажын парықтауға мүмкіндік беретіні айтылды. Іс-шараға институтымыздың «Аққу» әдеби үйірмесінің

студенттері де белсене қатысты.

Ж. Аймауытов – жан-жақты өнер иесі, сегіз қырлы, бір сырлы дарын иесі, романшы, жазушы, драматург, аудармашы, зерттеуші, публицист. Ж. Аймауытов – әдебиет сын-

шысы ретінде ХХ ғасырдың басында айқын танылған қаламгерлердің көрнекті өкілі. Сан қырлы талант иесінің артында қалған шығармашылық мұрасы аса бай. Оның ішінде көптеген өлеңдер, «Қартқожа», «Ақбілек» романдары, «Күңкейдің жазығы» хикаяты мен «Өнші» секілді бірқатар көркем әңгімелері, «Рәбиға», «Мансапқорлар», «Қанания мен Шәрбану», «Ел қорғаны», «Шернияз» пьесалары, «Нұр күйі» поэмасы, сондай-ақ бірсыпыра сын мақалалар мен аудармалары бар. Газет беттерінде жарияланған публицистикалық мақалаларының өзі бір төбе.

Қазақ баспасөзінде өрнегі бөлек кесемсезімен де көш бастаған қаламгердің ұлт әдебиетін қалыптастырудағы өлшеусіз еңбегі тіптен ерекше. Қазақтың ендігі бағыты қалай болмағы, әлеуметтік тұрмыстық хал-жағдайының қандай күйде тұрғаны туралы да өзі негізін салған басылымдарда барынша толғады. Олардың дені «Абай», «Жаңа әдебиет», «Жас қазақ» журналдарында, «Қазақ», «Сары-

арқа», «Ақжол», «Қазақ тілі», «Еңбекші қазақ» тағы да басқа басылымдарында жарық көрді. Алайда, оның осыншалықты құндылығы мол мұрасын дер кезінде танып білуге отаршылдық пиғылдағы кеңестік идеологияның қатаң режимі үлкен бөгет болып келді. Соның салдарынан Ж. Аймауытовтың заман шындығына білдірген көзқарасы мен ұлттық мүдде ұстанымындағы пікірлері қаламгердің халқымен қауышуына ұзақ уақыт бойына мүмкіндік бермей келгені белгілі. Тек кеңестік империя күйреген 1990 жылдардан бері ғана Алаш арыстарының қатарында Жүсіпбек Аймауытовтың есімі мен түрлі әдеби жанрдағы мол мұрасы ұлтымыздың руханият өрсіні кеңейте түскені бәрімізге айқын. Соның нәтижесінде барып, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі ретінде оның сыншылық қырын зерделеуге тәуелсіздік жемісін тере бастаған бертіңгі кезеңде ғана жол ашылды.

Ж. Аймауытовтың есімін ұлықтау мақсатында, институтымызда т.ғ.к., доцент Қ.Ш. Аубакированың жетек-



шілігімен «Тұран» үйірмесінің мүшелері жазушының өмірі және шығармашылығына арналған тарихи-әдеби танымдық кеш өткізді. Кеште жазушы өмірінің қиын да қатпарлы кезеңдері сөз болып, артында қалған мол мұраларының сол заманның мұң-мұқтажын парықтауға мүмкіндік беретіні айтылды. Іс-шараға институтымыздың «Аққу» әдеби үйірмесінің студенттері де белсене қатысты.

Сабина Султанова,
Т-21-01 тобының студенті

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 130 ЖЫЛ



Онда жоғары лауазымды азаматтардың баруы, Президенттің құттықтау хатының оқылуы ұлт қайраткеріне деген көзқарастың қалыптасқанын аңғартса керек. Оған қоса биыл Солтүстік Қазақстан облысында «Мағжан жылы» деп жарияланды. Тұлғаға арналған іс-шаралар туған жерінде

Биыл алаш қайраткері, ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың дүниеге келгеніне 130 жыл толды. Ақынның мерейтойына арналған жиын оның кіндік қаны тамған туған мекені Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының Сарытомар ауылында өтті.

басталып, бүкіл ел аумағында аталып өтті деуге болады. Ақынның мерейлі тойын тойлап қана атап өту емес, ұлт үшін жасаған жасампаз істері мен терең жырларына үңіліп, айтар ойын түсінуге тырысу басты мақсат болса керек. Себебі, Мағжандай ақын екі тұмайтыны ақиқат.

Мағжан Жұмабаев - ерекше жазу стилі арқылы қазақтың Пушкині атанған ақын. Ол әдебиет әлемінде лирикалық туындылар жазудың шебері деп танылды. Мәселен бір ғана «Табал-

дырық» шығармасы арқылы өзінің шығармашылық манифесін шығарған. Онда ақын әдебиеттегі социалистік реализм принципін қарсы шығып, революцияға емес, Батыс Еуропа мәдениетіне бағытталуы керек деп есептеді. Бұл ақынды өзгелерден даралай түсті.

Ақын болу жаратқаннан туа біткен талант десек те, терең іздену биікке жетелейтіні анық. Сол секілді дарынды Мағжан да үздіксіз ізденген ақын екені жырларынан көрініп тұрады. Ол қай тақырыпқа

қалам тартса да, өз алдына жалғыз мақсатты - ұлтын оятуды басты міндет етіп қояды. Бұл - Мағжанның өзіндік манифесі болды деуге болады. Тіпті абақтыда, өз тағдыры қыл үстінде тұрған кезде жазған өлеңдерінде де осы манифеске ден қояды. Шынғайында оның бір топ өлеңдері абақты қабырғасында жазылған. Ол қамау мен түрме азаптары жөнінде жазғанда да, абақты - қазақ халқының зұлмат пен езгіде өмір сүрген кезеңнің рәмізі екенін өлең жолдарына дарытқан ақын. Оның шығармалары трагизмге толы әрі өрбip туындысынан тарихтың өзгерісті кезеңінде халық алдындағы жауапкершілікті сезіне білгені көрінетіні содан болса керек.

Мағжан өз шығармашылығынан басынан-ақ ұлты-

ның біртұтастығы, тағдыры, оның болашағы үшін әрқашан алаңдап, жан күйдірген ақын болатын. Біздің ойымызша, өлмес өлең жазып, жылдар өтсе де құндылығын жоймайтын жырларды ескерткіш етіп қалдыру нағыз ақынның бақыты болса керек. Құғын-сауртінге ұшыраған ақынның мұрағатын оның жары Зылиха қайта оралып, кейінгі ұрпақ тарапынан лайықты бағаланып келеді. Сон бір дәлелі биыл аталып өтіп жатқан ақынның 130 жылдық мерейтойы.

Мағжан ақынның мерейтойы құтты болсын!

С. Батан,
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м.

«ФИНАНСИСТ ХХІ»

6 ноября 2023 года студенты 3 курса образовательной программы «Финансы» под руководством магистра А.Г. Кожамжетовой погрузились в захватывающий мир интеллектуальной игры «Финансист ХХІ», посвященной 30-летию Национальной валюты тенге.

Интеллектуальное соревнование состоялось на базе университета «Esil» и привлекло внимание студенческих команд Казахского агротехнического исследовательского университета имени С.Сейфуллина, Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, университета «Esil» и команды «Миллионеры ЕА-ГИ» Евразийского гуманитарного института имени А.К.Кусаинова.

Игра включала в себя разнообразные конкурсы, направленные на поиск креативных подходов к решению сложных задач. Мы, студенты, проявили свои знания и способности к анализу и принятию важных финансовых решений, что стало ключевым моментом соревнования.

По итогам интеллектуальной борьбы команда «Аграрвард» Казахского агротехнического иссле-

довательского университета имени С.Сейфуллина заняла первое место. Второе место присудили нашей команде, которая продемонстрировала высокий уровень подготовки и эрудиции. Третье место ушло в руки студентов «Финансовые виртуозы» из Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, а четвертое место досталось команде «Адреналин» - хозяевам и организаторам игры. Болельщики отмечают, что игра получилась не только познавательной, но и прошла с большим эмоциональным подъемом. Представленные задачи требовали не только знаний в области финансов, но и творческого подхода, креативности, а также умения работать в команде.

Хочу отметить, что подобные мероприятия не только стимулируют активность и интерес студентов к учебе, но и способствуют развитию широкого круга компетенций, необходимых для успешной карьеры в сфере финансов.

Поздравляю всех участников игры и желаю нам новых побед в будущих интеллектуальных вызовах!

Гульнур Анарбаева,
студент группы Қ-21-01

АКАДЕМИЧЕСКАЯ
МОБИЛЬНОСТЬ В ТУРЦИИ

Студенты Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова Адина Жилькенова (ПД-21-01), Жибек Оразова (ПД-21-01), Диана Мукушева (ШТ-21-01), Ая Ергалиева (ИЯ-21-01), Аимхан Абильева (АИ-21-01), Мадина Жалмаганбетова (ШТ-22-01), Анеля Куламан (ШТ-22-01) выехали по академической мобильности в Турцию в Болу Абант Иззет Байсал университет.

Bolu Abant Izzet Baysal Üniversitesi непрерывно входит в 70 лучших университетов Турции. У него есть кампусы в центре города и трех районах Болу. Главный кампус университета, а именно: Izzet Baysal Campus, расположен в Гелькёй, что в 8 км от центра города.

Болу – это город, расположенный в районе Черноморского побережья, он находится в горной местности на старом шоссе между Стамбулом и Анкарой. Город является административным и экономическим центром провинции с одноименным названием. Программа академической мобильности предоставила нам возможность учиться в Турции один семестр.

Приехав в город Болу, мы сразу же попали в студенческий кампус. Нам очень понравилось здание нашего факультета. Сначала нам было непривычно в новой об-



становке. Но все студенты и преподаватели были отзывчивыми, помогли в решении любых вопросов. Занятия проводятся очень интересно. Университет необычайно красивый: зеленая, большая территория, места для работы и отдыха студентов прекрасно оборудованы. Имеется все для комфортной учебы, библиотека с книгами на всех языках мира, просторные аудитории.

Кроме нас в университете обучается еще много студентов из других стран, приехавших по той же программе. В свободное время у нас есть возможность посещать национальные парки, достопримечательности города Болу, и мы весело проводим время вместе с новыми друзьями.

Анеля Куламан,
студент группы ШТ-22-01

Қазан айында еріктілер орталығы Халықаралық қарттар күніне орай қайырымдылық жәрмеңкесін өткізді. **12 қазан күні** белсенді еріктілер зейнеткерлерді аралап, мерекелерімен құттықтап, түскен қаражатқа сатып алынған азық-түлік себетін сыйға тартты.

12 қазанда БО-22-01 тобының студенттері режиссер Мұрат Есжановтың «Оян қазақ» фильмін тамашалап, талқылады.

12 қазанда куратор Н.В. Никульшина ИЯ-22-01 және ПДТ-21-01 топтарында «Отбасы және отбасы құндылықтары» тақырыбында кураторлық сағаттар өткізілді.

12 қазанда доцент Б.Б. Мажитова академик Қ. Сәтбаевтың 125 жылдығына орай «Қ. Сәтбаевтың ел дамуына қосқан үлесі» тақырыбында Ф-23-01 тобында кураторлық сағат өткізді.

13 қазанда педагогика кафедрасының ұйымдастыруымен кафедраның барлық білім беру бағдарламаларының 1 курс студенттері №3 қалалық емхананың, практика және әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету бөлімінің дәрігері А.А. Нұрмағамбетовпен кездесу өтті.

13 қазанда шетел тілдері кафедрасында аға оқытушы, п.ғ.м. А. Сарсенова ШТ-22-01, ШТ-22-02 топтарының студенттері арасында «Guess the song» ойын-сауық байқауын ұйымдастырды.

13 қазанда институтта ҚР Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Департаментінің Превенция басқармасының басшысы А.К. Османовпен және офицер, ЕАГИ Түлектер қауымдастығының мүшесі А. Кенебаевамен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері бойынша студенттердің ақпараттық-түсіндіру кездесуі ұйымдастырылды.

13 қазанда құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы Г.А. Канафина «Жас қыран» сыйбайлас жемқорлыққа қарсы студенттік клубының жұмыс жоспарын жүзеге асыру аясында «Брейн ринг» интеллектуалдық ойыны өткізілді.

16 қазанда студенттер «Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театрында өткен Гала-концертті тамашалады.

16 қазанда доцент А.А. Ахметова тұңғыш академик Қ.И. Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына орай Ф-20-01 және Ф-21-01 топтарында кураторлық сағат өткізді.

17 қазанда аға оқытушы, п.ғ.м. А.М. Сарсенова, оқытушы, п.ғ.м. А.Е. Толқимбекова ШТ-22-02 тобында «Fashion, clothes & style» тақырыбында базалық ағылшын тілі бойынша интерактивті формада сабақ өткізді.

17 қазанда шетел тілдері кафедрасында ИЯТ-23-01 тобы «Базалық шет тілі» пәні негізінде «Жылдың үздік фильмі» театрландырылған қойылымын ұсынды.

18 қазанда «Іскерлік ағылшын тілі» пәнін оқу аясында шетел тілдері кафедрасының 4 курс студенттері «Халықаралық компаниялар» тақырыбында жобалар қорғады.

19 қазанда PhD докторы, аға оқытушы Е.К. Даурембековтың жетекшілігімен «Құқықтану» білім беру бағдарламасының 4 курс студенттері Қазақстан Республикасы Өділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығына барды.

20 қазанда аға оқытушы А.М. Сарсенованың жетекшілігімен ШТ-22-02 тобының студенттеріне «Мен Қазақстан Республикасының азаматымын» атты кураторлық сағат өткізілді.

20 қазан күні шетел тілдері кафедрасы Gala Global Group компаниясының директоры Құлшан Алиевамен кездесу ұйымдастырылды.

23 қазанда Қазақстан Республикасы күніне арналған салтанатты іс-шара өтті.

23 қазанда куратор А. М. Айтқұлова ЮҚ-21-01, ЮҚ-21-02 топтарының студенттері үшін Республика күніне арналған кураторлық сағат өткізді.

24 қазанда куратор А.М. Сарсенова ШТ-22-01 тобының студенттеріне әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою күніне арналған кураторлық сағат өткізді.

24 қазанда ШТ-22-01, ШТ-22-02 топтарында «Базалық ағылшын тілі» пәні бойынша сабақ театрландырылған қойылым түрінде өтті.

24 қазанда куратор Б.Б. Мажитова Республика күніне арналған «Қаржы» білім беру бағдарламасының 1 курс студенттеріне кураторлық сағат өткізді.

24 қазанда Құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы Г.А. Канафина ЮР-21-01 тобында «25 қазан – Қазақстан Республикасының күні» тақырыбында кураторлық сағат өткізді.

24 қазанда кураторлар Е.В. Крушинская және А.Қ. Балжанова ЮРТ-23-01, ЮР-23-01 топтарының студенттері үшін 25 қазан – Республика күні ұлттық мерекеге арналған тақырыптық кураторлық сағат өткізді.

жалғасы 3-бетте ►

Учитель моей жизни

24 қазанда куратор И.А. Тобағабылова БО-22-01, ПП-23-01, ППТ-23-01 топтарының студенттеріне Республика күніне арналған кураторлық сағат өткізді.

26 қазанда инклюзивті білім беру және студенттерді психологиялық қолдау аясында «Коммуникация және бейімделу: біз өзіміз және өз қабілеттеріміз туралы айтамыз» тренингі өткізілді.

26 қазанда куратор А.М. Сарсенова ШТ-22-02 тобында «History, culture and education of Great Britain» "history, culture and education of Great Britain" тақырыбында ойын өткізді.

«Қаржы» білім беру бағдарламасының 4 курс студенттері (Ф-20-01 тобы) куратор А.А. Ахметованың ұйымдастыруымен Ұлттық музейге барды.

27 қазанда бірінші курс студенттерін салтанатты түрде қабылдау рәсіміне арналған мерекелік іс-шара өтті.

27 қазанда 1-4 курс студенттерінің шетел тілдері кафедрасының 2022 жылғы түлегі Шахманова Алинамен кездесуі өтті, ол қазіргі уақытта жоғары білім беру мектебінің (Назарбаев университеті) магистратурасында оқиды.

28 қазанда шетел тілдер кафедрасының кураторлары А.Н. Ергалиева және А.М. Сарсенованың ұйымдастыруымен ШТ-23-02, ШТ-22-02 топтарының студенттері Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ драма театрына барды.

ҚАРАША

1 қарашада ЕАГИ студенттер үйінде педагог-тәрбиеші Б.Ш. Кадринаның қатысуымен студенттер үйінде жиналыс өтті.

1 қарашасынан бастап С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің «Педагогикалық білім және менеджмент» кафедрасының сениор-лекторы, п.ғ.м. Г.К. Мақшиева «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының студенттері үшін «Сыни ойлау» пәні бойынша дәрісін бастады.

1 қарашада ЕАГИ психологиялық қызметінің басшысы А.Б. Мусиев және «Сенім» студенттерге психологиялық қолдау клубының жетекшісі А.Маратова (ШТ-22-01 тобы) «Біз нашақорлыққа қарсымыз» тренингін өткізді.

3 қарашада ШТ-22-01, ШТ-22-02 топтарының студенттері «Жақсы мұғалімнің ерекшелігі неде?» тақырыбы бойынша өткен вебинарға қатысты. Онлайн-кездесуде Альфейсала университетінің (Сауд Арабиясы Корольдігі) ағылшын тілі кафедрасының профессоры Чарльз Холлмен пікір алысты.

5 қарашада ШТ-22-01 тобының студенттері «Мультимодальды ELT Pedagogy: Curriculum, Assessment, and Technology» атты ағылшын тілі бойынша халықаралық конференцияға қатысты.

6 қарашада «Қаржы» білім беру бағдарламасының 3 курсы «Есіл» университетінде ұлттық валюта теңгенің 30 жылдығына арналған «Қаржыгер XXI» зияткерлік ойынына қатысты.

6 қараша заң пәндері кафедрасының аға оқытушы з.ғ.м., А.М. Айтқұлова ЮҚ 21-01, ЮҚ 21-02 топтарының кураторы «Қазақстандағы дағдарыс орталықтарының, ҰЕҰ мен халықаралық ұйымдардың отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыдағы рөлі» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

7 қарашада Астана қаласы әкімдігінің «№3 қалалық емханасы» КМК-ның инфекционист дәрігері А.Нұрмағанбетов жатақханада тұратын студенттерге «Қызылшаның алдын алу» тақырыбында дәріс оқыды.

7 қарашада шетел тілдері кафедрасының кураторы А.М. Сарсенова ШТ-22-01, ШТ-22-02 топтар студенттеріне «Тіл-достықтың алтын көпірі» атты кураторлық сағат өткізді.

8 қарашада шетел тілдер кафедрасының кураторы А.М. Сарсенова ШТ-22-01, ШТ-22-02 топтарында «АҚШ тарихы, географиясы, мәдениеті және үкіметі» тақырыбында ойын өткізді.

8 қарашада Астана қаласы әкімдігінің №3 қалалық емханасымен бірлесіп «Денсаулық жолы» күзгі студенттер марафоны аясында шахматтан турнир өткізді.

9 қарашада Студенттік парламенттің кезекті отырысы өтті

10 қарашада «Free minds» кітап клубының отырысы өтті.

14 қарашада ШТ-22-01, ШТ-22-02 топ студенттері мен куратор А.М. Сарсенова «Оян, қазақ!» фильмін тамашалады.

15 қарашада ұлттық валюта-теңгенің 30 жылдығын мерекелеу аясында экономикалық және математикалық пәндер кафедрасында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің ірі салық төлеушілер департаментінің директоры І.Б. Елубай және Астана қаласы ҚР Ұлттық Банкі Орталық филиалы директорының орынбасары Р.К. Ищанованың қатысуымен дөңгелек үстел отырысы өтті. Сондай-ақ, «Қаржы» білім беру бағдарламасының 1-4 курс студенттері қатысқан теңгенің цифрлық валютасының дизайнын жасау бойынша жобалар конкурсының қорытындысы шығарылды.

15 қарашада Абай атындағы ҚазҰПУ-да «Хайфлекс (Hyflex) технологиясы арқылы болашақ педагогтың кәсіби табыстылығын қамтамасыз ету» ғылыми жобасы аясында икемді оқыту ортасын және білімді меңгеруді қолдауға арналған «Hyflex сыныбы. Hyflex classroom» оқу зертханасының ашылуы өтті.

жалғасы 4-бетте▶

Каждый человек учится в своей жизни. У каждого из нас есть учитель. Учитель – понятие неоднозначное, это необязательно учитель в школе или преподаватель в вузе. Это тот человек, который направит и сможет обучить чему-то новому. На эту тему предлагаем «размышления вслух» студентов 2 курса.

В течение жизни мы встречаем множество людей, но, несомненно, одним из самых важных учителей, кто сопровождает нас на пути самопознания и развития, является опыт. Наша жизнь – это не просто события и моменты, но и уроки, которые мы постоянно извлекаем из наших собственных переживаний.

Первый и, возможно, наиболее важный урок, который жизнь дает нам – это урок о самом себе. В детстве и юности мы начинаем понимать свои склонности, увлечения, страхи и мечты. Через радости и трудности мы изучаем свои сильные и слабые стороны, формируем своё мировоззрение и ценности. Жизнь, таким образом, становится нашим первым и наиболее важным учителем, который помогает нам развиваться как личности.

Второй учитель нашей жизни – это время. Время учит нас терпимости и настойчивости. Оно показывает, что не всё можно получить мгновенно, и некоторые вещи требуют усилий и постоянной работы. Время также учит нас ценить моменты счастья и не теряться в повседневной суете. Каждый день и каждый год – это возможность учиться, расти и меняться.

Третий учитель – это другие люди. Мы учимся у наших учителей, родителей, друзей, коллег и даже незна-

комцев. От каждой встречи мы получаем опыт, который формирует наше мировоззрение. Другие люди помогают нам понимать разнообразие взглядов и культур, расширяя наш кругозор, они же учат нас адаптироваться к различным обстоятельствам.

Наконец, ещё одним важным учителем нашей жизни являются неудачи и ошибки. Они учат нас тому, что, порой, важнее всего – это уроки, извлечённые из наших неудач, это способность восстанавливаться после падений. Неудачи могут быть жёсткими, но они могут стать источником мудрости и наставлений.

Таким образом, наша жизнь является великим учителем, позволяя нам понимать себя, ценить время, учиться у других и расти на опыте неудач. Учитель, которого мы встречаем каждый день, и который оставляет в нашей душе след навсегда.

Орал Алданов,
студент группы ИЯ-22-01

Моим учителем жизни была моя любимая бабушка. Она, несмотря на несчастный случай в молодости, потеряв одну руку, двигалась вперёд. Бабушка была моим самым близким, родным и любимым человеком.

Если можно было бы сказать про кого-то, кто отдал свою жизнь школе, своим ученикам, то это, конечно, моя бабушка! Работая завучем в школе почти половину своей жизни, она учила детей, и все эти годы она проработала в одной только 70-ой школе в Казалинске.

Моя бабушка была со всеми учениками очень строгой, требовательной, но справедливой. Её строгость сочеталась с умением сопереживать и сочувствовать своим ученикам, искренне их любить. Всех детей она учила не только знаниям, но и основным жизненным правилам: добру, честности, трудолюбию. Старалась воспитать в своих учениках все качества, которые помогут им не потеряться в этом сложном мире.

Моя бабушка очень любила свою работу и продолжала работать после выхода на пенсию. К ней приводили учить детей и её бывшие ученики. Для них она была семейным учителем. Бабушка была счастлива тем, что она оставляет на земле свой след в сердцах учеников. А их у неё было очень и очень много.

Помимо работы бабушка всегда находила время для меня, чтобы послушать мои рассказы и дать совет. Она впервые открыла мне мир знаний, учила добру, чувству справедливости, отзывчивости и настойчивости. Она всегда была готова поддержать меня в трудную минуту и помочь решить любую проблему.

Также моя бабушка была очень талантливой рукодельницей - умела шить, вязать и вышивать. Она всегда радовала меня вещами, сделанными своими руками. А как по-особенному мне запомнилось белое платье с красными цветочками! Тогда моему счастью не было предела!

Самое главное, что я ценила в ней - это её сердце из «чистого золота». В первую очередь она всегда думала о других людях, об их комфорте.

Прошло 5 месяцев, как её не стало... Захожу в её дом, так странно тихо и одиноко... Я очень жалею, что не успела приехать к ней, так как приближались экзамены, и я работала, чтобы оплатить учёбу. Но я точно уверена, что моя бабушка не обижается на меня, она наоборот гордится тем, что воспитала такого человека, как я. Гордится, что я пошла по её стопам и выбрала профессию учителя!

Альбина Султанова,
студент группы ИЯ-22-01

В моей жизни учителя играют большую роль. Большая часть моих достижений, и то, кем я стала сейчас, – это заслуга моих преподавателей.

В школьные годы были две учительницы, которые сильно повлияли на меня. Очень строгий учитель, часто делала мне критические замечания, у неё был серьёзный подход к обучению, услышать её похвалу было редкостью, но как это было приятно. Её любовь к своему предмету и уважение к своим ученикам помогли мне глубже изучить её предмет. Моя учительница сказала, что за годы обучения мой уровень знаний стал намного выше. Я чаще стала читать литературные произведения. И один из главных навыков, которому она меня обучила, – это творчески работать: делать видеоролики, презентации, буктрейлеры, и мы даже сделали социальный проект на республиканском уровне.

Учительница истории и права привила мне любовь к Родине. Я стала настоящим патриотом, активным гражданином, и человеком, знающим свои права и обязанности. Благодаря ей мне хотелось участвовать везде, где она предлагала. Я ходила на городские олимпиады по истории Казахстана, у меня есть несколько призовых мест в правовых конкурсах. А после победы в одном из конкурсов по защите прав детей меня позвали в «детский комитет», где мы отстаиваем права детей и боремся с буллингом. Работая в комитете, я познакомилась с бывшей оубдсмен Эльвирой Азимовой, которая сейчас является председателем Конституционного Суда. Это тоже является для меня примером профессионального и личного роста.

А ещё я благодарна своей учительнице за то, что она руководила дебатным клубом в моей школе, где я многому научилась: придумывать аргументы на ходу, выступать перед различной аудиторией, отстаивать свою точку зрения, толерантно относиться к мнению других людей. В дальнейшем я стала лидером нашего дебатного клуба; будучи школьницей на равных соревновалась со студентами ЕНУ им. Л.Н.Гумилева и даже была финалисткой городского турнира!

Лолахан Усманханова,
студент группы ИЯ- 22-01

Все одиннадцать лет я проучилась в 22 школе-гимназии, и с пятого по девятый класс большую часть моей школьной жизни занимали уроки русского языка и литературы.

На уроках русского языка я чувствовала себя уверенно и знала, что именно здесь я могу «блеснуть» своими знаниями. Бывало даже, что я вставала по утрам и мотивировала себя идти в школу только ради уроков литературы. Я знала, что лишь здесь я имею возможность свободно выразить и высказать свои мысли, чувства, эмоции, не боясь осуждения; что здесь я могу выплеснуть свою энергию и устроить спор или дискуссию с одноклассниками. Я мечтала поступить на филологический факультет, на журналиста, связать свою жизнь с литературой.

До тех пор, пока я не перешла в десятый класс, и у нас не сменился учитель русского и литературы. Теперь на уроках сидеть было в тягост, эссе писались с трудом, интерес потух вместе с мотивацией и внутренними силами. И только

тогда пришло осознание, что я обожала уроки литературы не потому, что мне нравился сам предмет, а потому, что я всем сердцем любила и уважала нашего предыдущего учителя.

Он – тот, кто застал нас ещё совсем маленькими и несмышлёнными детьми; тот, кто действительно смог повлиять на процесс нашего развития; тот, чьи слова мы до сих пор вспоминаем с улыбкой на лице, когда встречаемся с бывшими одноклассниками. И в какой-то степени я стала той, кем сейчас являюсь, благодаря ему.

Мы любили его всем классом так искренне, как могут любить только дети. Айдар Султанович навсегда запечатлелся в моей памяти и сердце. Со временем я могу забыть его черты лица и голос, но его светлый образ учителя по литературе никогда не исчезнет.

Азия Серик,
студент группы ПП-22-01



В жизни каждого человека есть тот самый яркий маяк, чей свет освещает тебе дорогу на жизненном пути. Его свет может быть настолько ярким, что дорога остаётся освещённой даже в самые темные моменты жизни. Эти люди-маяки, словно учителя жизни, чей голос всегда будет подсказывать тебе. Учителем моей жизни я считаю своего апа. Бесценны те усилия, которые он приложил для того, чтобы я выросла образованным человеком. Возможно, моих достижений, как в становлении личности, так и в учебной деятельности, могло не быть, если бы не те старания, которые приложил апа. Он привил мне любовь к знаниям и труду: читать книги, учить стихотворения, решать задачи. Делать даже просто домашнее задание с ним было одним весельем. Я никогда не чувствовала себя неловко, если чего-то не понимала. Ведь апа объяснял все самым спокойным образом. Я считаю, что то, каким образом он воспитывал и обучал меня – это лучший пример того, как нужно прививать ребёнку интерес к чему-либо. Благодаря этому у меня всегда были интерес и желание учиться и познавать новое. Он всегда говорил: «Знания – основа успеха всего, ведь это то, чего у человека никогда не отнимешь. Знания никогда не будут лишними, они будут твоим стержнем и опорой на протяжении всей жизни». И каждый раз, добиваясь результата в чём-либо, я убеждалась в правоте его слов, которые стали для меня наставлением на всю жизнь.

Своим примером он сыграл важную роль в выборе моей профессии. Благодаря ему я решила связать свою жизнь с образовательной сферой. А ведь такое бережное и полное любви отношение у него ко всем внукам. Мне очень повезло вырасти, наблюдая, каким тёплым должно быть отношение в семье к детям.

Удивительно то, какую огромную роль может сыграть взрослый в формировании жизненного пути своего ребёнка, который тоже вырастет и станет взрослым. И в завершение я хочу выразить огромную благодарность своему апа за все то, что он сделал в моем становлении, за то, кем я сейчас являюсь, и за безусловную любовь, в которой нуждается каждый ребёнок.

Зарина Ахметова,
студент группы ИЯ-22-01

Учителя играют ключевую роль в становлении и развитии каждого человека. И я не был исключением. Но хочу рассказать про своего репетитора по английскому языку, у которого я занимался 2 года. Он стал причиной моей мотивации работать над собой, не сдаваться, узнавать новое и учиться быть разносторонним.

Репетитор был больше, чем просто передающим знания. Он был наставником, ментором и образцом для подражания.

Он учил меня ценить дружбу, честность, искренность и уважение к окружающим. Он помогал мне развивать нравственные качества и формировать свою собственную моральную позицию. Его уроки не ограничивались учебной в классе, они затрагивали вопросы жизни и общества.

Он помог мне не бояться общества, не быть тихой мышкой в толпе и всегда иметь собственную точку зрения.

Первое впечатление о нем у меня сложилось не самое лучшее, но спустя время я понял, что ошибался. С виду худой невысокий мужчина, в самой простой одежде, который дает уроки на дому, оказался больше, чем человек, и своими поступками он на все 100% подтверждает, что он мужчина.

Диас Сайажан,
студент группы ИЯ-22-01

ЕАГИ РЕКТОРЫНЫҢ КУБОГЫНА ДЕБАТТЫҚ ТУРНИР

15 қараша куратор А.М. Сарсенова ШТ-22-01, ШТ-22-02 топтары студенттері үшін «Анимацияның ғажайып әлемі» квест ойынын ұйымдастырды.

16 қараша педагогика кафедрасында дүниежүзілік философия күнін атап өтті.

16 қарашада неміс тілі бойынша сөйлесу клубы аясында Германиядан келген қонақ – Wiedergeburt неміс қоғамының өкілі – Maruf Frosch «Beruf in Deutschland» тақырыбында кездесу өтті.

16 қарашада экономикалық және математикалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м. А.Г. Кожаметова ШТ-23-02, ШТ-23-03 топтары студенттері «Кәсіпкердің құралы – ақша» тақырыбында ашық машықтану өткізді.

16 қарашада ЕАГИ командасы «Денсаулық жолы» күзгі студенттік марафонның жабылу салтанатына қатысты.

17 қарашада Халықаралық Студенттер күні қарсаңында Қ. Сәтбаев университетінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен министрлік жанындағы Жастар ісі жөніндегі кеңес өкілдерінің кездесуі өтті. Кездесуге А.Қ. Құсайынов атындағы ЕАГИ психологиялық қызметінің жетекшісі А.Б. Мусиев қатысты.

17 қарашада Халықаралық студенттер күніне арналған мерекелік концерт өтті.

20 қараша күні «Тұран» клубының мүшелері жазушы, қоғам қайраткері Ж. Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығына арналған тарихи-әдеби, танымдық кеш өткізді.

21 қарашада Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері, 1996 және 2000 жылдардағы Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері және бокстан әлем чемпионы Болат Нұретдинұлы Жұмаділовпен кездесуі өтті.

22 қарашада шетел тілдері кафедрасының аға оқытушылары А.М. Сарсенова, А.Е. Толқимбекова, В.В. Сиряченко ШТ-22-01, ИЯ-23-01 топтары студенттеріне АҚШ-тың мемлекеттік мерекелерінің бірі Алғыс айту күнімен танысуға арналған тақырыптық кураторлық сағат өткізді.

ЖЕЛТОҚСАН

1 желтоқсанда қараша айындағы «Үздік бөлме» байқауының қорытындысы шығарылды. №9, 16, 26 бөлмелер ең жарық, ең таза, ең жайлы деп танылды.

6 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының аға әділет кеңесшісі И.Н. Сейткасимованың «Қазіргі қоғамның іргелі адамгершілік құндылықтары туралы», «Кемелетке толмағандар арасында қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаудың себептері мен салдары және олардың алдын алу» тақырыбында ақпараттық-түсіндіру кездесуі өтті.

5-8 желтоқсанда академиялық топтар Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған кураторлық сағаттар өткізді.

7 желтоқсанда ИЯ-22-01, ПҚ-22-01 академиялық топ студенттері арасында оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі проректор, п.ғ.д., профессор Я.Н. Оспанова «Сайлау» оқу-іскерлік ойынын өткізді.

8 желтоқсанда Құсайынов оқулары: «XXI ғасырдағы ғылым мен білім: үрдістер мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

25-27 желтоқсанда Жастар ісі комитетінің, ЕАГИ Студенттік Парламентінің және «Саналы ұрпақ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы студенттік клубының жетекшілері «Таза сессия» акциясын өткізді.

Жаңалықтарды дайындаған баспасөз орталығының басшысы Т.Г. Қалиасқарова



Жастар ісі жөніндегі комитет, ЕАГИ студенттік Парламентінің пікірсайыс қозғалысының фракциясы, «Veget» пікірсайыс клубы, «Саналы ұрпақ» студенттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы клубы пікірсайыс ЕАГИ ректорының кубогына дебаттық турнирін өткізді.

Келесі қатысушылар пікірсайыс турнирінің жеңімпаздары болып: қазақ лигасындағы дебат турнирінің жеңімпаздары болып келесі қатысушылар танылды:

1-орын – Айзат Әмірбай (ҚТ-21-01 академиялық тобы) және Ләйла Сундетбай (Т-23-01 академиялық тобы);

2-орын – Сапар Бейсен (ШТ-22-01 академиялық тобы) және Меруерт Раисова (ШТТ-23-01 академиялық тобы);

3-орын – Сара Каржасова (ЮК-21-01 академиялық тобы) және Азиза Балабекова (Т-23-01 академиялық тобы) пікірсайыс

турнирінің жеңімпаздары болып танылды.

Келесі номинациялар бойынша:
– «Үздік төреші» – Фарида Русланқызы (ҚТ-21-01 академиялық тобы);

– «Үздік спикер» – Ләйла Сундетбай (Т-23-01 академиялық тобы) турнир жеңімпаздары болып анықталды.

Орыс лигасында орындар келесідей бөлінді:

1-орын – Медина Журтекина (ПД-21-01 академиялық тобы);

2-орын – Ильяс Искендіров (ЮР-21-01 академиялық тобы);

3-орын – Карина Нусупова (ИЯ-21-01 академиялық тобы) танылды.

Номинациялар бойынша турнир жеңімпаздары болып:

– «Үздік төреші» – Анжани Нурғалиева (ИЯ-22-01 академиялық тобы);

– «Үздік спикер» – Медина Журтекина (ПД-21-01 академиялық тобы) атанды.

Айдана Рамазан, Шетел тілдер кафедрасының Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы, ПДТ-22-01 тобының студенті

Студенты ЕАГИ снова в числе лучших!



С 5 по 10 декабря 2023 года студенты высших учебных заведений г. Астаны приняли участие в фестивале «JASTAR JALYNY-2023». 13 декабря прошел гала-концерт, на котором были подведены итоги конкурсов.

По итогам фестиваля наши студенты заняли призовые места в следующих номинациях:

– 1 место в номинации «Эстрада» – Медина Журтекина (академическая группа ПД-21-01); 2 место в номинации «Театр» – театральный кружок «Қызыл жебе»; 3 место в номинации «Рисунок» – Дина Анарбекова (академическая группа ШТ-23-04); 3 место в номинации «Современный танец» – студия современного танца «Black Mamba».

Поздравляем наших ребят с победой и желаем новых достижений!

Гани Салимжуаров, студент группы ЮР-20-01, Президент Студенческого Парламента

ЕАГИ – ДЕНСАУЛЫҚ АУМАҒЫ

ЕАГИ спорт клубы, ЕАГИ студенттік Парламентінің Спорт және салауатты өмір салты фракциясы, Жастар істері комитеті Астана қаласы полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасымен бірлесіп А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының студенттері арасында турнир өткізді:

Футбол:

– тартысты бәсекеде бірінші орынды «Тұмар» командасы, екінші орынды «Техас» және үшінші орынды «Авангард» командасы жеңіп алды. Сондай-ақ турнир қатысушылары арасында келесі номинациялар бойынша жеңімпаздар анықталды: «Үздік қақпашы» – Анарбай Хайрулла (ҚТ-22-01 академиялық тобы); «Үздік шабуылшы»

– Ильхан Аралбай (Т-22-01 академиялық тобы); «Үздік қорғаушы» – Ерасыл Жомартов (К-22-01 академиялық тобы).

Волейбол:

– бірінші орын үшін күресте «Avangard» командасы, екінші орын – «Факел» командасы, үшінші орынды «Альянс» командасы иеленді. Сондай-ақ турнир қатысушылары арасында «Турнирдің үздік ойыншысы» номинациясының жеңімпаздары анықталды: Ер балалардың арасында – Даурен Ахмет (Т-22-01 академиялық тобы); қыз балалардың арасында – Аруана Бостанова (ЮК-23-01 академиялық тобы).

Алмаз Нуркеев, Ф-21-01 академиялық тобының студенті, Студенттік Парламенттің спорт фракциясының жетекшісі



СПОРТ ШЕБЕРІМЕН КЕЗДЕСУ



2023 жылғы 21 қарашада оқу орнымызда Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, 1996 және 2000 жылдардағы Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері және бокстан әлем чемпионы Болат Нұретдинұлы Жұмаділовпен кездесуі өтті.

Болат Нұретдинұлы өзінің спорттағы тәжірибесімен бөлісіп, студенттердің бірқатар сұрақтарына жауап берді.

Іс-шара барысында «Адам өміріндегі спорттың маңыздылығы» тақырыбында

өткізілген бейнероликтер байқауының қорытындысы жарияланды.

1 орын – Динара Қанатова, «Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасының студенті (ШТ-23-01 академиялық тобы);

2 орын – Алмас Болатов, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының студенті (КТ-23-01 академиялық тобы);

3 орын – Мерей Кеңес, «Аударма ісі» білім беру бағдарламасының студенті (АІ-23-01 академиялық тобы).

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге Астана қаласы полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасынан дипломдар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Нұрсұлу Шынберген, Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы



ШАХМАТТАН ТУРНИР ӨТТІ

Жақында оқу орнымызда Астана қаласы әкімдігінің №3 қалалық емханасымен бірлесіп «Денсаулық жолы» күзгі студенттер марафоны аясында шахматтан турнир өтті.



Турнирге қатысушылар алдында тәрбие ісі жөніндегі проректор, п.ғ.к., профессор Ярослав Николаевна Оспанова, Астана қаласы әкімдігінің №3 қалалық емханасының СӨС үйлестірушісі Ирина Михайловна Зябликова және Студенттік Парламенттің спорттық фракциясының жетекшісі, Ф-21-01 академиялық тобының студенті Алмаз Нуркеев құттықтау сөз сөйлеп, шахмат турнирлерін өткізу дәстүрге

айналғанын және біздің институт шахматшылардың спорттық шеберлігін жетілдіруге ықпал ететінін атап өтті.

Турнир барысында студенттер шахмат шеберлігінің жоғары деңгейін көрсетті. Турнир қорытындысы бойынша:

1-орынды – Мадихан Асқаров (ИЯ-23-01 академиялық тобы);

2-орынды – Нұрайым Қалымбет (ШТ-23-04 академиялық тобы);

3-орынды – Ильхан Аралбай (Т-22-01 академиялық тобы) иеленді.

Турнирдің барлық жеңімпаздары мен жүлдегерлері, сондай-ақ ұйымдастырушылары – Гани Салимжуаровқа (ЮР-20-01 академиялық тобы), Айдана Рамазанға (ПДТ-22-01 академиялық тобы), Алмаз Нуркеевке (Ф-21-01 академиялық тобы) Астана қаласы әкімдігінің №3 қалалық емхана басшылығының грамоталары мен алғыс хаттары табыс етілді.

Жандаулет Ауғанбай, Т-22-01 тобының студенті, Студенттік кеңестің төрағасы



Газета Евразийского гуманитарного института им. А.К. Кусаинова «Жас ұрпақ»
Учредитель: Ректорат ЕАГИ

Регистрационное свидетельство № 992-Г от 19.12.1999 г.
Выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Редактор: Я. Оспанова
Верстка: А. Заркешева
Тираж: 500 экз.
Газет тоқсан сайын шығады.
Выходит ежеквартально.

Адрес:
г. Астана, пр. Жумабаева, 4.
E-mail: eagi@list.ru
www.eagi.edu.kz